DOI 10.31489/2022 L1/28-38

ӘОЖ 341.485

Ж.М. Аманжолов[1*], А.К. Адибаева[2], А.Е. Рысалдиева[3]

*[1] Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан;*
*[2] Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан;*
*[3]Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан*
*(E-mail: zh.amanzholov@mail.ru, ka_alina84@mail.ru, a.ryssaldiyeva@gmaill.com)*

# Геноцидті халықаралық қылмыс ретінде жасаудың заманауи нысандары (1948 жылғы БҰҰ Конвенциясының қолданылуы тәжірибесін талдау мысалы негізінде)

Мақалада 1998 жылғы БҰҰ арнайы Конвенциясы негізінде геноцидті адамзатқа қарсы бағытталған қылмыс ретінде жасау нысандарының құқықтық талдауы ұсынылған. Ең алдымен БҰҰ қарамағында қабылданған Конвенцияның нәтижесінде ғана «геноцид» ұғымының халықаралық-құқықтық мәртебесінің бекітілгендігі және алғашқы рет оның төрт, нақты анықталған адами топтарды қорғау мақсатында заңды мазмұны ашылғандығы ерекше атап өтілген. Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айқындау тұрғысында геноцидтің әртүрлі демографиялық топтарға қатысты кең таралған зорлық оқиғаларына саяси және этикалық баға берілуінің өлшемі болып шектелмейтіндігі туралы тағы да маңызды қорытынды жасалған. Авторлардың басты мақсаты БҰҰ әмбебаптық халықаралық шартының нормаларын қолдану тәжірибесі контексінде доктриналық көзқарастар мен нақты фактілердің көмегімен геноцид жасаудың заманауи мысалдарына зерттеу жүргізу болып табылады. Сонымен қатар, геноцид тек жеке мемлекеттің немесе мемлекеттердің жеке тобының ғана емес, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың араласуына құқығы бар мәселе екендігіне назар аударылған. Қорытындыда авторлар геноцидтің дәстүрлі актілерімен қатар, оның жаңа көріністеріне де қарсы әрекет етудің құқықтық құралдарын, тәсілдерін және нысандарын күшейту қажеттігін атап өткен. Әсіресе бұл процесті жүзеге асыру үрдісінде аталған соңғы олқылықтың орнын толтыру Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің міндеттемелерінде ерекше ескерілуі қажеттілігі негізделеді.

*Кілт сөздер:* геноцид, БҰҰ Конвенциясы, қылмыс, дәстүрлі актілер, заманауи нысандар, халықаралық қылмыстық трибуналдар, алдын алу, халықаралық шарт, қатысушы мемлекеттер, халықаралық қылмыстар.

## *Кіріспе*

Халықаралық құқық тарихында және тәжірибесінде, атап айтқанда алғаш рет БҰҰ шеңберінде 1948 жылдың 9 желтоқсанында геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенция қабылданды (ресми ағылшын мәтінінде – *Convention on the Prevention and Punishment of the Crime of Genocide*). 2015 жылдың қаңтар айының 12 жұлдызында қарастырылып отырған арнайы Халықаралық шарттың заңды күшіне енгеніне 65 жыл толды. 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 150 мемлекет оның қатысушысы болып табылады, оның ішінде посткеңестік мемлекеттердің басым көпшілігі бар. Конвенцияның басты артықшылығы – ол халықаралық қылмыс ретінде геноцид ұғымына жататын әртүрлі әрекеттер мен әрекетсіздіктердің тең, келісілген арақатынасын қамтамасыз етті және біріздiлікке алып келді. Сонымен қатар, қолданыстағы Конвенцияның кемшіл тұстары да жоқ емес. Мәселен оның жекелеген нормалары қазіргі заманның шынайы болмысын көрсетпейтінін және қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік, діни топты немесе өзінің біртектілігі мен оқшаулануымен ерекшеленетін өзге де демографиялық қоғамдастықты толық немесе ішінара жою ниетімен іс-әрекеттер жасауға толық көлемде сақтандыруға кепілдік бермейтінін атап өткен жөн. Бұл жерде әсіресе әлі де өкініш тудырып отырған мына мемлекеттердің аумақтарында (мысалы, Ауғанстанда, Әзірбайжанның Таулы Қарабах өңірінде, Мьянмада, Суданда, Палестина автономиясының Газа секторында, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында (ШҰАА) орын алып отырған Конвенциядан тыс геноцидтің жаңа нысандары мен түрлерін тілге тиек етуге болады.

## *Материалдар мен тәсілдер*

Теориялық тұрғыдан алғанда бұл мақаланың маңыздылығы 1948 жылғы БҰҰ Конвенциясына қатысты ғылыми көзқарастардың спектрін және сараптамалық бағаларын, сондай-ақ, оның құқық

Buketov university

қолдану тәжірибесінің нәтижелерін зерттеу негізінде нормативтік мазмұнында ескерілмеген геноцид жасаудың заманауи нысандарының табиғатын ашуда және оны жетілдіруге бағытталған тұжырымдар мен ұсыныстар жасалуында. Тақырыпты зерттеуде А.Н. Трайнин, T.E. Sainati, Т.Т. Дадуани, В.М. Вартанян, Ж.П. Сартр, Р.М. Караев, L. Heckle және тағы да басқа түрлі мемлекеттердің құқықтық мектептерінің өкілдері болып табылатын ғалымдардың доктриналық әзірлемелері және де халықаралық қылмыстық трибуналдардың шешімдері басымырақ қолданылды. Мақаланың мақсатына және одан туындайтын міндеттерге қол жеткізу үшін авторлар мына әдістерді пайдаланған: олар синтез, ұқсастық, құрылымдық, салыстырмалы, формалды-логикалық әдістер, сонымен қатар модельдеу және жүйелік талдау тәсілдері.

*Талқылаулар*

Нюрнберг және Токио халықаралық әскери трибуналдары қабылдаған Жарғыларда да және шығарған үкімдерінде де геноцид атаулы қылмыстар тікелей аталмаған. Геноцидтің құқықтық тұжырымдамасы нақты әлеуметтік қауіпті әрекет ретінде Конвенцияның II бабында анықталған. Аталмыш бап мазмұны: «... геноцид деп кез келген ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толықтай немесе ішінара жою пиғылымен жасалған келесі әрекеттерді қамтиды:

a) осындай топ мүшелерін өлтіру;

b) осындай топ мүшелерінің денесін жарақаттау немесе осындай топ мүшелерінің ақыл-ойына зиян келтіру;

c) қандай да бір топ үшін оны толықтай немесе ішінара жоюға жағдай туғызу;

d) осындай топ арасында бала тууды болдырмау шаралары;

e) адами бір топтан екінші топқа балаларды күштеп беру» [1: 20].

Аталған әрекеттер бірігіп геноцидтің қылмыс құрамы элементтерінің бірі халықаралық құқықта *actus reus* түсінігімен қамтылған объектісін және объективтік жағын құрайды. Демек ол 1948 жылғы Конвенцияның II бабында алғаш рет тұжырымдалған және оған бес «баламалы көзделген іс-әрекеттер жатады, ал олардың кез келгенін жасау аяқталған қылмыс құрамын құрайды» («a-e тармақтары») [2: 52]. Жеке авторлар бұл тұрғыда геноцидті құрайтын әрекеттердің өмірге қарсы ғана емес, физикалық зиян келтіруді білдіретінін («а», «с» тармақшалары), өлтіруді көздесе де денсаулыққа зиян келтірумен байланысты болатындығын («b» тармағы), сондай-ақ жалпы отбасының мүдделеріне қол сұғатындығымен ерекшеленетінін алға тартады [3].

Геноцид қылмыс құрамының екінші элементінің мазмұнын құрайтын әрекеттерге сүйене отырып, ғалымдар мен мамандар оның *нысандарын* ажыратады. Кеңес заңгерлері өздерінің ғылыми әзірлемелерінде 1948 жылғы Конвенцияда «геноцид қылмыстарының жолын кесуге және жазалауға ықпал ететін ережелер бар және тұтастай алғанда оның озық құжат ретінде қарастырылатынын» [4: 128], оның үш нысанына ерекше назар аудара отырып: физикалық геноцид, биологиялық геноцид және ұлттық-мәдени геноцид болып жіктелетінін бірнеше рет атап өткен [5: 410].

Дегенмен де олар бөлген мұндай нысандар Конвенцияда біржақты танылмаған [6: 25].

А.Н. Трайнин өзінің әйгілі жұмысында геноцидтің ең жойқын нысаны – физикалық геноцид болып табылады деп жазды, яғни оның пікірінше, бұл «белгілі бір нәсілге немесе ұлтқа жататын адамдардың тікелей физикалық жойылуын білдіреді [5: 410] және де жаналғыштық газ камералары, атып тастау геноцидтің осы нысанын жүзеге асыру құралдары деп түсіндірді» [5: 410]. Ол геноцидтің басқа да бір нысанын біршама өзгеше түрде жүзеге асырылатынын анықтады: ол «қудаланған ұлттың, нәсілдің жаңа мүшелерінің туылуына қарсы күрес; демек, биологиялық геноцид – бұл бала тууға қарсы күрес, зарарсыздандыру, некеге тұруға тыйым салу, жыныстардың толық бөлінуі, егер бала біткен болса мәжбүрлі түрде өлім қорқынышымен түсік түсірту» [5: 410]; оған сонымен қатар «қудаланушы нәсілдік және ұлттық топтарды жоюға бағытталған ауыр еңбек жағдайлары мен шыдамсыз тұрғын-үй жағдайларын жасау, медициналық көмектің болмауы да жатқызылуы тиіс» [5: 410]. Геноцидтің ерекше нысаны ретінде автор қудаланушы халықтардың ұлттық мәдениетін, оның жетістіктері мен байлықтарын жоюға бағытталған ұлттық-мәдени геноцидті де атап өткен [5: 410], алайда 1948 жылғы Конвенцияда бұл ұлттық-мәдени геноцид ұғымының тарылғанын мойындады [5: 410]. Осыған байланысты П.С. Ромашкин мұндай фактінің себебі ретінде Конвенцияны әзірлеу және қабылдау кезінде «американдық-ағылшындық блоктың қарсы іс-қимылы» болғанын ескеріп өтті, атап айтқанда, онда «физикалық және биологиялық геноцид үшін жауапкершілік қарастырылған, бірақ ұлттық-мәдени геноцид үшін жазалау туралы ештеңе айтылмайды», – деп ойын түйіндеді [7: 268]. Қазақстандық ғалымдар – С.М. Рахметов пен

Buketov university

С.А. Кременцов бірлескен жұмысында «геноцидтің осы түрі қаралып отырған қылмыстың диспозициясында өз көрінісін таппағанын» байқайды [8: 60] және олар «бұл геноцидтің осы нысаны Конвенцияда да арнайы бөлінбейтіндігіне» назар аударады [8: 60]. Алайда, айтпақшы, А.Н. Трайнин атап өткендей, «кеңес делегациясының геноцид туралы мәселе бойынша ұсыныстарының III тармағы ұлттық-мәдени геноцид ұғымымен қамтылатын қылмыстық іс-шаралардың тізбесін қамтыды» [5: 410]. Оның ішінде «сондай-ақ ұлттық тілді пайдалануға қарсы іс-шаралар мен іс-қимылдардың немесе ұлттық мәдениетке қарсы іс-қимылдардың жинағы ұлттық-мәдени геноцид деп аталатын ұғым тізімі берілді. Қалай болғанда да оған жататындары:

a) қоғамдық және жеке өмірде ұлттық тілді пайдалануға тыйым салу немесе оны шектеу; мектептерде ұлттық тілдерде оқытуға тыйым салу;

b) ұлттық тілдерде кітаптар мен өзге де баспа басылымдарын басып шығару мен таратуға тыйым салу немесе жою;

c) тарихи немесе діни ескерткіштерді, мұражайларды, құжаттарды, кітапханаларды және басқа да ұлттық мәдени ескерткіштері мен заттарын (немесе діни ғибадатты) жою» [5: 410].

Геноцид актілерінің заңдық табиғатын заманауи зерттеушілердің ішінен Т.И. Саинати де «мәдени геноцид» «мәдениетке, әсіресе тілге, діни және мәдени ескерткіштер мен мекемелерге шабуыл жасау» мақсатын көздеуші нысан ретінде Конвенциядағы «геноцид» ұғымынан тыс қалғаны жағдайымен келіседі [9]. Оған қарағанда Т.Г. Дадуани «мәдени геноцид» ұғымы (оның сыйымды түрлендірілген түсінігінде): «1948 жылғы Конвенцияда толық емес, бірақ ішінара біліктілік тапқанын» [10: 12] және тағы да қайталап «тек ішінара» бекітілгендігін нақтылайды. Сондай-ақ аталмыш жағдай бүгін де осындай күйінде, мысалы, 1998 жылғы Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутының 6-бабының (c) тармақшасы аясында қала беретінін қоса айтады [10: 12]. Бұл орайда ол «Конвенция қорғайтын топты жою тек физикалық жою жолымен ғана жүзеге асырылмайтыны туралы бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдың қорытындысын маңызды деп санайды [10: 12], сонымен қатар топтың бірегейлігін жою арқылы да» нәтижесінде геноцидтің осы нысанымен байланысты елеулі дербес қырларды одан әрі пысықтау қажеттілігіне шақырады [10:12].

Өз тарапымыздан атап өтер болсақ, қарастырып отырған геноцидтің үш нысандарын кеңестік халықаралық-заңгерлер Конвенцияның барлық мазмұнын мұқият талдау арқылы емес, оның мәтінін кеңейтулі талқылау нәтижесінде бөліп шығарған. Бұл ретте осындай мәндік айқындаудың мақсаттары үшін кеңестік ғалымдар мен мамандар ұсынылып отырған жіктеменің негіздемесі ретінде оның кіріспесін айтарлықтай дәрежеде пайдаланды деп ойлаймыз. Онда БҰҰ Бас Ассамблеясының 1946 жылғы 11 желтоқсанында қабылданған қарарына (96 (1) тікелей сілтеме жасалған және осы орайда бұл құжат «геноцид халықаралық құқық нормаларын бұзатын және Біріккен Ұлттар Ұйымының рухы мен мақсаттарына қайшы келетін қылмыс болып табылады және өркениетті әлем оны айыптайды» деп жариялайды [11: 98–99]. Осы арада 1969 жылдың 23 мамыры күні қол қойылған Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабына сілтеме жасамай кетпесе болмайды. Бапта бекітілген нормаға сәйкес «келісімшарт оның терминдерінің контексінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттары тұрғысынан әдеттегі мәнге сай адал түсіндірілуі тиіс» [12: 353]. «Геноцид» терминіне оның барлық нысандарын тұспалдау арқылы Конвенцияны әзірлеуші барлық мемлекеттердің өкілдері арнайы мән бермеді, себебі жоғарыда атап өтілгендей, АҚШ пен Ұлыбританияның ұстанымдарына байланысты олардың ондай айқын көрінген және жалпы бірдей келісілген ниеті болмады. Өз кезегінде біз үшін келесі жағдай да анық. Кеңестік заңгерлер белгілі үш нысанды бөліп алу кезінде ондай жіктеу өз пайымдауларынша «геноцид» ұғымының шынайы мағынасы мен мәнінен туындайды деп болжалдаған және бұл ретте тағы да сол 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 32-бабы шеңберінде жүгіну мүмкіндігі қарастырылған талқылаудың қосымша әдістеріне, олардың ішінде 1948 жылғы Конвенцияны жасаудың дайындық материалдары мен мән-жайларына сүйенген. Осылайша ұлттық-мәдени геноцидті (қазіргі заманғы түсіндіруде – мәдени геноцидті) қоса алғанда, геноцидтің үш нысанға бөлінетін кеңестік жіктелуін (немесе айырмашылығын) соңғы әмбебап халықаралық шарттың 32-бабына сілтеме жасап растауға болады. Сондықтан біз «Конвенциядағы геноцид нысандарының тізбесі толық болып табылады» [13: 59], яғни «оны кеңейтілген талқылауға жол берілмейді» [13: 59], заң әдебиетінде кездесетін «мәдени» кемсітушіліктің санамаланған нысандары геноцид ретінде саралана алмайды» [13: 59]; геноцидтің оның объективті жағынан екі нысаны ғана: физикалық геноцид және биологиялық геноцид туындайды [2: 46], бұл ретте геноцидті анықтауда



Buketov University

көрсетілген алғашқы үш әрекет оның бірінші нысанын, ал соңғы екеуі – екінші нысанын құрайды» [2: 46]; «осылайша, геноцид туралы сөз болғанда, белгілі бір топтың мәдени, діни, тілдік және т.б. өзіндік ерекшеліктерін жою емес, оны физикалық қырып-жою ғана тілге тиек етіледі» [2: 46] деген бір мағыналы және үзілді-кесілді айтатын кейбір авторлардың пікірлерімен келіспейміз.

Керісінше, геноцид анықтамасының мәнін зерттеу барысында кеңестік заңгерлер жинақтаған геноцидтің осы нысандары немесе олардың жекелеген әрекеттері елеулі мәнге ие болып қана қоймай, ақиқатында мәдени геноцидтің – белгілі бір демографиялық топтардың мәдени және рухани құндылықтарын жоюға бағытталған жеке нысанын мойындау қажет деп есептейміз. Бұдан басқа қаралып отырған контексте Конвенцияның II–бабының «с» тармағын объективті түсіндіруді негізге ала отырып, қарастырылып жатқан қылмыстың төртінші нысаны – әлеуметтік-экономикалық геноцид [14] туралы да айтуға болатынын ұсынған А. Батырьдың көзқарасымен келісеміз. Айтылғандар өз кезегінде геноцидтің басқа да нысандарын, атап өтер болсақ, XIX ғасырда тараған, сондай-ақ 1948 жылғы Конвенцияны қолданудың тәжірибесі аясында XX-XXI ғасырларда пайда болған және пайда болып жатқан мүлдем өзгеше, тікелей геноцидтің жаңа «дәстүрлі емес» өре нысандарын есепке алу керектілігін болжайды. Олар толық түсінікті объективті себептерге байланысты жекеше де, жиынтығында да осы Конвенцияда заңды түрде бекітілмеген.

Осы орайда Ұлы Отан соғысы кезеңінде орын алған КСРО тәжірибесіне назар аударудың маңызы зор. Кәріс, неміс, шешен, балқар, поляк секілді тұтас бір ұлт жау саналып сталиндік режимнің құрбандарына айналды. Оларды ресми түрде «сенімсіз» деп танып этникалық **депортацияға** (латынның *«deportatio»* – қуу, жер аудару) ұшыратты. Әдетте шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты ел аумағынан мәжбүрлеп шығаруды білдіретін «сыртқы» депортациядан айырмашылығы, КСРО–да бұл «ішкі» депортациялаудың мақсаты әртүрлі ұлт өкілдерін тұрақты тұратын жерлерінен мәжбүрлеп шығаруға бағытталған болатын. Осылайша, біртұтас үлкен мемлекет шегінде қандай да бір ұлттық, этникалық, діни немесе нәсілдік топ мүшелерін белгілі бір өңірлерден тыс жерлерге және негізінен Қазақстанға әдейі мәжбүрлеп көшіру жүзеге асырылды.

**«Этникалық тазартудың»** мақсаты депортацияға жақын келгенімен, оның салдары ауқымды, ұжымдық үрей тудыруымен ерекшеленеді. XX-XXI ғасырда орын алған оқиғалардан байқайтынымыз этникалық тазартудың – кісі өлтіру, зорлау, жарақаттау, азаптау сияқты қылмыстық әрекеттермен қатар жүретіндігін көреміз. Мысалы, бір кездері Рассел әскери қылмыс трибуналына қатысты белгілі философ Ж.П. Сартр былай деген болатын «француздар Алжирдегі соғыста алжир халқын жоя алмағаны үшін жеңілді...» [15: 15–16]. Сондай-ақ, Америка Құрама Штаттарының Вьетнамдағы саясаты көбінесе Вьетнам халқына қарсы геноцид (этникалық тазарту) жүргізу ретінде айыпталғандығы жайдан-жай емес [16: 35]. Ж.П. Сартрдың сөйлеуінен тағы бір дәйексөз келтірейік: «жақсы вьетнамдық – ол өлі вьетнамдық» деген сөз тіркесі кең таралды... Вьетнамда орналасқан АҚШ әскери күштері бейбіт тұрғындарды, әйелдер мен балаларды, олар вьетнамдық болғаны үшін ғана азаптап, өлтіруде. Қанша жерден үкімет бүркемелеп, көрсеткісі келмесе де, геноцид лебі сарбаздардың санасында желдей есіп жүрді. Осылайша, олар өздерінің Үкіметі жасаған геноцид жағдайын ушықтыра түсті...» [15: 17-19]. Вьетнамдықтардың пікірі бойынша, «Америка Құрама Штаттары «үлгілі» соғысты саналы түрде жүргізгені үшін кінәлі, олар геноцидті барлық халықтарға қауіп-қатер төндіруші қылды» [17: 54, 55].

Әзірбайжандық заңгер Р.М. Караев XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғы мен 90-шы жылдарының ортасында орын алған қарулы қақтығыстардың нәтижесін былай деп баяндайды: «Таулы Қарабақта Арменияның этникалық тазарту жүргізуіне байланысты әзірбайжан тұрғындары қалмады, ал аймақты Армения билігі орнатқан сепаратистік қуыршақ режимі басқарды... Армения қарулы күштері Ходжалы қаласының әзірбайжан тұрғындарына қарсы геноцидті жүзеге асырды... Қаланың өзі жер бетінен жоғалды. 1992 жылдың 25-26 ақпанына қараған түні армян қарулы күштері жүздеген бейбіт тұрғындарды аяусыз қырып тастады. Қаза тапқан 613 адамның 106-сы – әйел, 83-і – бала және 70-і – қарттар, 8 отбасы толығымен жойылды, 25 бала екі ата-анасынан толығымен айырылды, 130 бала ата-анасының біреуінен айырылды, 76 баланы қоса алғанда, 150 адам жарақат алып мүгедек болды, 1275-тен астам адам тұтқынға алынды (олардың көпшілігі қаза тапты)» [18: 70]. Осыған байланысты тіпті Приднестровье сепаратистерінің «қорғаушылары» деп танылғандардың ішінен А.А. Мережко Таулы Қарабақ қақтығысына қатысты «өзін-өзі анықтау құқығын іс жүзінде жүзеге асыру теріс пайдаланушылыққа апаруы мүмкін және «этникалық тазарту» арқылы адам құқықтарын жаппай бұзу бірге жүруі мүмкін» деп жазды [19]. Басқа «жаңа» мысалдар

Buketov university

ретінде Халықаралық қылмыстық трибуналдардың қорытындылары бойынша Руандадағы тутси ұлтының өкілдерін жою, онда 1994 жылдың сәуір–шілде айларында шамамен 500 мыңнан бір миллионға дейін немесе одан да көп адам қаза табу фактілерін [20], 1995 жылдың шілдесінде Босниялық сербтердің күшімен бірнеше кісі өлтіру оқиғаларын, әсіресе Сребреница анклавы мұсылмандары ішінен 7-8 мың ер адамдары мен ұлдарына қарсы жасалған геноцид (этникалық тазарту) актісінің шынымен де орын алғаны күмән тудырмайтындығын айтқан жөн [21].

Геноцидтің тағы бір танылмаған нысаны – **гуманитарлық трагедия**. Оның құрамын көбінесе халықаралық ұйымдардың мамандары мен органдары «этникалық тазарту» контексінде анықтайды. Мысалы, «БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комиссияның мәліметтері бойынша, адам құқықтарының өрескел бұзылуы салдарынан НАТО операциясы басталған сәттен Косоводан бір миллионнан астам босқындар жаппай кетуге мәжбүр болды» [22]. Сонымен, «тек Приштина мен Подуеводан Албания шекарасына 100 мыңнан астам албандық–косоварлар қуылды. Нәтижесінде сербтердің этникалық тазартулары Митровицада және басқа да көрші ауылдарда жүргізілді. Осы аумақтардан Албания шекарасына 70 мыңға косовар жер аударылды. Албан тұрғындарын қуып шығарған сербиялық қауіпсіздік күштері бос үйлер мен албандардың бүкіл ауылдарын өртеп жіберді» [23: 14]. БҰҰ-ның Косоводағы миссиясының мәліметтеріне сәйкес, НАТО-ның Косоводағы «Одақтық күш» операциясы аяқталғанға дейін Белградтың қуғын–сүргінінен 10 мың албандықтар қаза тауып, бірнеше мың адам «хабарсыз кетті» [24: 37]. Бұл жерде сөз іс жүзінде гуманитарлық трагедия туралы болып отыр. 1999 жылғы 10 маусымдағы 1244 қарарында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі Ұйымның Бас хатшысының 1999 жылғы 9 сәуірдегі мәлімдемесіне сілтеме жасап, Косоводағы гуманитарлық қайғылы жағдайға алаңдаушылық білдірді және осыған байланысты аймақтағы жағдай халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндірді деп бағалады [18: 67]. Жоғарыда келтірілген фактілер мен сандар Югославия Одақтық Республикасы басшылығының қылмыстық қолдауымен Косовоның албандық халқына қарсы этникалық тазарту жүргізілгенін және бұл халықтың өміріне нақты қауіп төндіретін жағдайларға тап болғанын дәлелдейді.

Сондай-ақ, **этноцид (этногеноцид) туралы** да айта кету қажет. Оны жүзеге асыру барысында физикалық жою мақсаты көзделмейді, бірақ көбінесе халықтың мәдениетін (өзіндік ерекшелігін, ділін, діни негіздерін) жоюға, нәтижесінде ассимиляция арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталады. Ресейлік саясаттанушы А. Самеонов көптеген мемлекеттермен танылмаған Оңтүстік Кавказ республикалары – Абхазия мен Оңтүстік Осетияны (белгілі болғандай, оларды Ресейден басқа, тек Никарагуа, Венесуэла және Науру ғана толық заңды түрде таныған) тілге тиек ете отырып, және де Грузиялық бұрынғы басшылықтың моноэтникалық мемлекет құруға ниеті болғанын алға тартып Ресейдің қолдауынсыз абхаздар мен осетиндер жеңіл немесе қатаң түрде этногеноцидке ұшырар еді деп пікірін білдірді [25]. Қарастырылып отырған контексте БҰҰ зерттеу тобының 2018 жылғы тамыздағы есебінде және сол жылдың желтоқсан айында Human Rights Watch халықаралық адам құқықтарын қорғау ұйымының деректерінде келтірілген фактілерді өзге де мысалдар ретінде айтуға болады. 2017 жылдың тамыз айының соңынан бастап Мьянманың батысында орын алған қақтығыстың себептері мен салдарын зерттей отырып, осы мемлекеттің полициясы мен әскері полиция қызметкерлеріне шабуыл жасағаны үшін деген айыппен «жазалау әрекеті» аясында рохинджа этникалық азшылығының бірнеше жүздеген өкілдерін өлтірді, олар негізінен ислам дінін ұстанушылар және осы демографиялық топтың 700 мыңға жуық адамы көрші Бангладешке немесе Бенгал шығанағындағы тұрғынсыз аралдарға қашып кеткенін, олар әлі күнге дейін антисанитарлық жағдайда босқындар лагерьлерінде тұратындығын айта келе, БҰҰ сарапшылары елдің әскери қолбасшылығының геноцидті жүзеге асыруға арнайы ниеттерінің болғандығын ресми түрде жариялады [26]. Дүниежүзілік Ұйымның есебінде Мин Аунг Хлаин (Min Aung Hlaing) бастаған жоғары лауазымды әскери қызметкерлерге ең ауыр баптар бойынша, соның ішінде геноцид жасады деп айып тағып, оларды Халықаралық қылмыстық сотта немесе осы үшін арнайы құрылған трибуналда жауапқа тарту қажет деп баса айтылған [26]. 2018 жылғы 10 қыркүйекте жарияланған Human Rights Watch ұйымының арнайы баяндамасында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының (ШҰАА) түркітілдес мұсылман халқы – шамамен 13 миллион адам – Қытай билігінің ресми тілінде «саяси қайта тәрбиелеу орталықтарында» мәжбүрлі саяси, идеологиялық өңдеуге, ұжымдық жазалануға, ал іс жүзінде концентрациялық лагерьлерде – жағдайлары адамгершілікке жатпайтын қамау орындарында қозғалыс пен байланыс шектеулеріне, күшейтілген діни шектеулерге ұшырауда деп айтылады [27]. Осыған орай, 2018 жылғы 23 желтоқсандағы Барлық татарлар қоғамдық орталығының мәлімдемесінде «ұйғырлар, қазақтар,

Buketov university

қырғыздар, дүнгендер және басқа да азшылық геноцидке ұшырауда», ал «Қытай өз аумағында ислам мен түркі халықтарына ашық соғыс жариялады» деп атап өтілген [28]. Сол жылдың 12 желтоқсанында мәлімдеме жарияланғанға дейін ҚХР Мемлекеттік Кеңесі «Қытайдағы 40 жылдық реформалар мен ашықтықтан кейінгі адам құқықтары саласындағы прогресс» атты ресми есепті жария етті. Онда «Қытай адам құқықтарын құрметтейді және халықаралық міндеттемелерді орындайды» делінген [29]. Бұған дейін Қытайдың батысындағы жағдайға байланысты Еуропалық Одақ пен БҰҰ алаңдаушылық білдірді. 2018 жылғы 5 желтоқсанда БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссары М. Башле ұйым сарапшылары қайта тәрбиелеу лагерьлері туралы «мазасыз хабарламаларды» тексеру үшін ШҰАА аумағына кіруге «жол» іздеп жатқанын айтты. Алайда, қытай билігі осы уақытқа дейін халықаралық ұйымдардың, соның ішінде гуманитарлық және құқық қорғау құрылымдарының өкілдеріне мұндай мүмкіндік бермей жатыр.

Руанда бойынша халықаралық трибуналдың және Бұрынғы Югославия бойынша халықаралық трибуналдың (БЮХТ) сот палаталары өз шешімдерінде «геноцид жасау ниеті барлық жағдайда тұтас бір елді қамти бермейді, кейбір жағдайларда локальды географиялық аймақтарда да орын алатындығын ескеру керек» [20] дейді. Бұл 1999 жылғы 14 желтоқсандағы «Елисич ісі» бойынша БЮХТ сот палатасы қабылдаған шешімінде арнайы атап көрсетілгендей, «облыстың немесе муниципалитеттің мөлшерімен шектелуі мүмкін» [30]. 2014 жылдың сәуір айынан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан Украинаның оңтүстік-шығысындағы оқиғалардан геноцид пиғылы ел аумағының едәуір бөлігіне де таралатындығын көруге болады (бұл арада «Донецк және Луганск халық республикалары» деп аталатын кеңістіктер сөз болып отыр). Аталып өткен жәйттар өз кезегінде бізге геноцидтің жаңаша нысаны (немесе әдісі) - **аумақтық геноцид** туралы айтуға негіз бар екенін айқыштайды.

Бүгінгі таңда жаппай кісі өлтіру арқылы жүргізілетін геноцидтің әртүрлі нысандарына да ерекше назар аудару қажет. Олардың ішінде **қырғынды** – бұрын кемсітілмеген «белгілі бір уақытта белгілі бір жерде әдейі жиналған қарусыз адамдарды жаппай өлтіруді, сондай-ақ **демоцид және политицидті** бөле жарып атап өтуге болады» [31: 166]. Батыс авторлары, соның ішінде Ж. Котек пен П. Ригуло, демоцидті Үкіметтің басқаруымен жүргізілетін және әдетте қарусыз бейбіт тұрғындарға қарсы бағытталған қырғынның әртүрлі тәсілдерін қамтитын қылмыс деп түсіндіреді [32: 356]. Л. Хеккл, шамасы, дәл осы мағынада 1979-1989 жылдары Ауғанстандағы соғыс қимылдары кезінде Кеңес әскерлерінің бейбіт тұрғындарды өлтіруі туралы КСРО басшылығы санкциялаған (рұқсат берген) фактілерін демоцид ретінде қарастыруы негізсіз болмауы керек [33: 147-149]. Біздің ойымызша, демоцидтің айқын және сөзсіз көрінісі болып Израильдің 2014 жылдың маусымынан бастап Палестина автономиясының Газа секторының бейбіт тұрғындарына қарсы жасалған «қорғаныс шекарасы» және «Бұзылмайтын тау жынысы» атты әскери операциялары болып табылады. 2014 жылдың 3 тамызына дейін орын алған жағдай бойынша еврей мемлекетінің ЦАХАЛ атты әскери күштік құрылымы (Израильдің қорғаныс армиясы) мыңнан астам араб ұлтының өкілдерін, соның ішінде балалар мен әйелдерді өлтіруге қатысы болған. Геноцидтің ғылымда қалыптасқан түсінігімен бұл айтылған жағдайды саралау мазмұны бойынша тура келмегенімен, бүтін *бір ұлттың тұтастығын мақсатты түрде жоюға* бағытталған қоғамға қауіпті әрекет екендігі дау тудырмайды. Политицид жоғарыда айтып кеткеніміздей, жаппай қырып-жою сипатында көрініс тапқанымен қандай да бір ұлтқа немесе этникалық топқа қарсы бағытталмайды, керісінше мемлекет ішіндегі саяси күштер арасындағы текетірестен туындайды.

*Нәтижелер*

